

Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 750 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 05 қазанда № 8782 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.07.2017 № 484 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Кіріспе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 54-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 05.09.2025 № 292 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.07.2017 № 484 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Авиация персоналы куәлігін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 138 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6860 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2011 жылғы 18 маусымдағы № 258-259(26657) жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 2 желтоқсандағы № 711 бұйрығымен бекітілген, өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 1) тармақшасы (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7366 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2011 жылғы 19 сәуірдегі № 164-168(27242) жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және оны мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Жұмағалиев

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
министрінің
2013 жылғы 26 қыркүйектегі
№ 750 бұйрығымен
бекітілген

Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 18.11.2021 № 599 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы "Авиация персоналы куәлігін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидалары "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 54-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес жасалған және авиация

персоналы куәлігін беру және оның қолданылу мерзімін ұзарту тәртібі мен "Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) авиациялық персонал – арнайы және (немесе) кәсіби даярлығы бар, әуе кемелерінің ұшуын, әуе тасымалдары мен авиациялық жұмыстарды орындау және қамтамасыз ету, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, әуе қозғалысын ұйымдастыру және қызмет көрсету, әуе қозғалысын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар;

2) авиациялық персонал куәлігі – авиациялық персоналдың біліктілігі мен өкілеттігін растайтын құжат;

3) авиациялық персонал куәліктерін беру тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) –авиациялық персонал куәліктерін беру туралы жазба жазылатын құжат;

3-1) азаматтық авиация саласындағы төлемдер – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым көрсететін қызметтер үшін жеке және заңды тұлғалардың төлемі, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бюджетіне ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді тұрақты қадағалауды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың міндетті аударымы;

4) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласының тұрақты дамуын, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

6) азаматтық авиация ұйымы – азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

7) арнайы белгі – тілді меңгеу деңгейі туралы белгіні қоса алғанда, ерекше шарттар, құқықтар немесе шектеулер көрсетілетін куәлікте жасалған қосымша көрсетілетін куәлікте жасалған қосымша жазба және осы куәлікке қатысты ақпарат;

8) бақылаудағы әуе кемесінің командирі – бақыланатын ӘКК ретінде функциялар мен міндеттерді орындайтын екінші ұшқыш. PICUS уақыты екінші пилоттың ұшу кітапшасында тіркеледі, нұсқаушының немесе ӘКК қолымен куәландырылады және ӘКК ретінде жалпы ұшуға есептеледі;

9) біліктілік белгісі – куәлікке жазылған немесе оған қатысы бар, оның бөлігі болып табылатын осы куәлікке қатысты ерекше жағдайлар, құқықтар немесе шектеулері көрсетілетін жазба;

9-1) кешенді әуе кемесі (complex motor-powered aircraft) – ең жоғары ұшу массасы 5700 кг-нан асатын немесе жолаушылар креслоларының ең жоғары конфигурациясы он

тоғыздан асатын немесе пайдалану үшін экипажы кемінде екі ұшқыштан тұратын, немесе турбореактивті қозғалтқышпен (немесе) қозғалтқыштармен немесе бірден артық турбовинтті қозғалтқышпен жарақтандырылған, немесе ең жоғары ұшу массасы 3175 кг-нан асатын тікұшақ, немесе жолаушылар креслоларының максималды конфигурациясы тоғыздан асатын немесе кем дегенде екі ұшқыштан тұратын экипажбен пайдаланылатын немесе айналмалы ротормен.

10) өтініш беруші – авиациялық персонал куәлігін алу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға жүгінген жеке немесе заңды тұлға (азаматтық авиация ұйымы);

11) пилотсыз ұшу аппараты – бортта пилотсыз (экипажсыз) ұшуды орындайтын және ұшу кезінде автоматты түрде, басқару пунктімен немесе көрсетілген тәсілдердің үйлесімімен оператор басқаратын әуе кемесі;

12) сыртқы пилот – пилотсыз ұшу аппаратын ұшуы үшін қажетті іс-қимылдарды орындайтын және ұшу кезінде тиісті ұшу басқаруын басқаратын жеке тұлға;

13) ұшу экипажының мүшесі – ұшу уақыты барысында әуе кемесін басқаруға қатысты міндеттер жүктелген, авиациялық персоналдың қолданыстағы куәлігі бар, авиациялық персоналға жататын тұлға.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.08.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.09.2025 № 292 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Уәкілетті ұйым авиация персоналы куәліктерінің мынадай түрлерін береді:

1) ұшу экипажының мүшелеріне:

PPL жеке пилот куәлігі (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесінің);

CPL коммерциялық авиациясы пилотының куәлігі (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің);

MPL көпмүшелі экипаж (ұшақ) пилотының куәлігі;

ATPL желілік пилотының куәлігі (ұшақтың, тікұшақтың, көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесінің);

FBPL тегін аэростат ұшқышының куәлігі;

GPL планер пилотының куәлігі;

2) ұшқыштардан басқа ұшу экипажының мүшелері үшін:

FNL штурманының куәлігі;

FEL бортинженер (бортмеханик) куәлігі;

FROL бортрадист куәлігі;

3) басқа авиациялық персонал:

RPL сыртқы пилот куәлігі (ұшақтың, дирижабльдің, планердің, бұранда Қанаттың, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің немесе еркін аэростаттың);

ATCL әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің куәлігі;

AML әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігі;

ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің немесе FDL ұшу диспетчерінің куәлігі;

ASOL авиациялық станциясы операторының куәлігі;

4) жеңіл және аса жеңіл авиацияның авиация персоналы үшін:

ULAPL аса жеңіл әуе кемесі пилотының куәлігі (мотодельтаплан, автожир, дирижабль, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі);

LAPL жеңіл әуе кемесі пилотының куәлігі (ұшақ, тікұшақ);

LAML жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.08.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3.1. Авиация персоналының куәліктері үшін медициналық сертификаттардың мынадай сыныптары (түрлері) қолданылады:

1) 1 сыныпты медициналық сертификат:

CPL коммерциялық авиация пилотының куәлігі (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің) үшін;

MPL (ұшақ) көпмүшелі экипажы пилотының куәлігі үшін;

ATPL желілік пилотының куәлігі үшін (ұшақтың, тікұшақтың, көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесінің);

2) 2 сыныпты медициналық сертификат:

PPL жеке пилотының куәлігі үшін (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің);

FNL штурманының куәлігі үшін;

FEL бортинженерінің (бортмеханигінің) куәлігі үшін;

FROL бортрадистінің куәлігі үшін;

FBPL еркін аэростаты ұшқышының куәлігі үшін;

GPL планер ұшқышының куәлігі үшін;

3) 3-сыныпты медициналық сертификат:

ATCL әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің куәлігі үшін;

RPL сыртқы пилотының куәлігі үшін (ұшақтың, дирижабльдің, планердің, бұранда қанаттың, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің немесе еркін аэростаттың);

4) ЖЖӨЖА медициналық сертификаты:

ULAPL аса жеңіл әуе кемесінің пилотының куәлігі үшін (мотодельтаплан, автожир, дирижабль, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің);

LAPL жеңіл әуе кемесінің (ұшақтың, тікұшақтың) пилотының куәлігі үшін.

Ескерту. Қағида 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.08.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-2. Уәкілетті ұйым авиация персоналының куәліктерін ресімдеуді шет мемлекеттердің авиация билігі куәліктер беретін біліктілік және арнайы белгілердің қолданылу құқықтары мен мерзімдерін еш қиындықсыз анықтай алатындай етіп ресімдеуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 3-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 194 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-3. Ұшу экипажы мүшесінің, әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру,

ұшу экипажы мүшесінің, әуе қозғалысы диспетчерінің, авиациялық станция операторының, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне біліктілік және арнайы белгі енгізу немесе оның қолданылу мерзімін ұзарту және авиациялық персонал куәлігін және (немесе) оның қосымшасын ауыстыру үшін " Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы төлемдерді алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 24 наурыздағы № 177 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32120 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен ақы алынады.

Төлем мөлшері "Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесін және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 167 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32089 болып тіркелген) айқындалады (бұдан әрі – Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерінің тізбесі).

Ескерту. Қағида 3-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Авиациялық персонал куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту тәртібі

4. Кітап үлгісіндегі авиация персоналының куәлігі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді және көлемі 8,7 x 12 сантиметр (бұдан әрі – см) құжатты білдіреді.

Авиация персоналының пластикалық карточка түріндегі куәлігі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді және көлемі 85,72 x 54,03 миллиметр (бұдан әрі – мм) құжатты білдіреді.

5. Кітап түріндегі авиация персоналы куәліктері авиациялық персоналдың санатына жатқызылуына қарай түс гаммасы мен серия-әріптік кодтау бойынша ерекшеленеді.

Авиациялық персонал куәліктерінің әріптік кодтары мен түстерінің кестесі осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 05.09.2025 № 292 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналды және ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерді немесе ұшу диспетчерін қоспағанда, авиация персоналы куәлігінің жарамдылығы ондағы біліктілік белгілерінің және (немесе) тиісті сыныптағы (түрдегі) медициналық сертификаттың қолданылу мерзімімен айқындалады.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал мен ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер немесе ұшу диспетчері куәліктерінің жарамдылығы кәсіптік деңгейді уақтылы ұстап тұру шартымен берілген немесе ұзартылған күннен бастап бес жыл қолданылу мерзімімен айқындалады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 05.09.2025 № 292 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Өзінде қолданыстағы авиациялық персонал куәлігі жоқ авиациялық персоналға әуе кемесінің ұшу экипажы мүшесінің функцияларын орындауға рұқсат етілмейді.

7-1. Осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген авиациялық персонал куәлігі бар адамдар кәсіптік қызметке осындай қызметті жүзеге асыру құқығына арналған қолданыстағы куәлігі, қолданыстағы біліктілік белгілері және (немесе) тиісті сыныптағы медициналық сертификаты болған кезде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764 бұйрығымен бекітілген Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламаларында көзделген кезеңділікке сәйкес

кәсіптік деңгейді ұстап тұру шартымен кәсіптік қызметті орындауға жіберіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8785 болып тіркелген).

Ескерту. 2-тарау 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 05.09.2025 № 292 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Авиациялық персонал куәліктері өтініш берушіге, азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысына немесе оның сенім жүктелген адамдарына беріледі.

9. Авиациялық персонал куәлігін беру тізілімінде тіркеледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Өтініш беруші авиация персоналының куәлігін алу үшін (немесе куәліктің қолданылу мерзімін ұзарту), куәлікті және (немесе) оған қосымшаны ауыстыру, біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе қолданылу мерзімін ұзарту үшін уәкілетті ұйымға "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы "Авиация персоналына куәліктерді беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің (бұдан әрі-мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) 8-тармағында көзделген құжаттардың тізбесін жолдайды.

Процестің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде баяндалған.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы тапсырған кезде Мемлекеттік корпорация қызметкері ұсынылған құжаттардың толықтығын және мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттар тізбесіне сәйкестігін тексереді.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға өтініш берушінің жазбаша келісімін алады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді " электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынады.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні және уәкілетті ұйымға жеткізу мерзімі мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде өтініш берушіге тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатқа сілтеме жасай отырып, " электрондық үкіметтің" веб-порталының есептік жазбасына қосылған абоненттік нөміріне SMS-хабарлама келіп түседі. Қажет болған жағдайда осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижелерін беру өтініш берушінің цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) жеке басын куәландыратын құжатты не электрондық құжатты көрсеткен кезде не оның өкілінің нотариалды куәландырылған сенімхаты бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені 1 (бір) ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды одан әрі сақтау үшін уәкілетті ұйымға беріледі.

Өтініш беруші 1 (бір) ай өткеннен кейін жүгінген кезде, Уәкілетті ұйым мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша құжаттарды пошта қызметі арқылы өтініш берушіге беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Уәкілетті ұйым мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді қамтамасыз етеді, мемлекеттік корпорацияға жеткізу мерзімі мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

12-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде өтініш берушінің "Жеке кабинетіне " мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

Уәкілетті ұйым құжаттар мен мәліметтерді олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Құжаттар мен мәліметтер портал және Мемлекеттік корпорация арқылы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда, Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша өтінімді тіркеу/беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Құжаттар топтамасын портал арқылы жіберген кезде лицензиялау жөніндегі авиациялық инспектор 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және ұсынылған құжаттардың толық емес немесе Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтердің болмауы фактісі анықталған жағдайда, электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжат нысанында (бұдан әрі – ЭЦҚ) Уәкілетті ұйым басшысының не оны алмастыратын адамның, өтініш берушінің жеке кабинетіне портал арқылы өтінішті еркін нысанда одан әрі қараудан бас тартуды (бұдан әрі – дәлелді бас тарту) жібереді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде лицензиялау жөніндегі авиациялық инспектор ұсынылған деректерге талдау жүргізеді және жан-жақты қарау мақсатында құжаттарды медицина жөніндегі авиациялық инспекторға және авиациялық оқу орталықтары бойынша авиациялық инспекторға жібереді.

Медициналық куәландыруды жүргізу талап етілмейтін авиациялық персоналдың құжаттарын қоспағанда, медицина жөніндегі авиациялық инспектор авиациялық медициналық сарапшының есебіне сәйкестігіне медициналық сертификатқа сараптама жүргізеді.

Авиациялық оқу орталықтары бойынша авиациялық инспектор авиациялық персоналдың сертификатталған немесе танылған шетелдік авиациялық оқу орталығында тиісті кәсіптік даярлығының болуына сараптама жүргізеді.

Авиациялық инспекторлардың сараптама жүргізу мерзімі құжаттарды алған сәттен бастап 6 (алты) жұмыс күнінен аспайды.

Сараптамалардың оң қорытындылары болған кезде лицензиялау жөніндегі авиациялық инспектор 2 (екі) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ресімдейді:

авиациялық персоналға куәліктер (немесе куәліктің қолданылу мерзімін ұзарту);

куәлікті және (немесе) оған қосымшаны жоғалған, ұрланған, бүлінген, тегін, атын, әкесінің атын ауыстырған (бар болса), кітап үлгісіндегі куәлікті пластикалық карточка түріндегі куәлікке ауыстырған кезде ауыстыру;

немесе біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту;

"Авиациялық персоналға куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі және кіші түрлері 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде Уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша оң нәтиже не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Мыналар арқылы жүгінген кезде:

мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелері пошта қызметі арқылы мемлекеттік корпорацияға жіберіледі;

портал, өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі туралы хабарлама жіберіледі, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі қағаз түрінде пошта қызметі арқылы өтініште көрсетілген мемлекеттік корпорацияның филиалына жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан кезде уәкілетті ұйым техникалық іркілістер анықталған сәттен

бастап мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі бойынша ақпарат бере отырып, әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды немесе рұқсат беру құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі, авторизацияланған сәттен бастап қате пайда болған сәтке дейін кадамдық скриншоттар қоса беріле отырып және қатенің нақты уақыты көрсетіле отырып бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жіберу арқылы " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын хабардар етеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын, осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жолдайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 194 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Куәлік ауыстырылған жағдайда алдыңғы куәліктің XII (Ratings) және XIII (Special Remarks) бөлімдеріне енгізілген барлық қолданыстағы жазбалар осы осы Қағидалардың 23-тармағының 13) және 14-тармақтарына сәйкес куәлікке қатысты шарттарды, немесе шектеулерді өзгертпей ауыстырылады.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың XIII (Special Remarks) бөлімінде жазылған жазбалары әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне қосымшаны беру туралы деректерді (XV бөлім) қоспағанда, авиация персоналының жаңа куәлігіне ауыстыруға жатпайды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 05.09.2025 № 292 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Азаматтық авиацияда қызметті жүзеге асыру үшін авиация персоналының куәлігін беруді уәкілетті ұйым кандидат біліктілігін ескере отырып, уәкілетті ұйыммен сертификатталған АОО-да кәсіптік даярлаудың тиісті бағларламасынан өткен соң ғана жүргізеді.

Ұшу экипажы мүшелеріне куәліктер білімі, іскерлігі және бұрын игерген әуе кемелерінің типтеріндегі дағдыларын есепке ала отырып беріледі.

19. Құжаттар көшірмелерін растау (куәландыру) тәртібі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттау, құжаттаманы

басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларында айқындалады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33339 болып тіркелген).

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Авиация персоналының біліктілік және арнайы белгілерінің қолданылу мерзімін енгізу және ұзарту тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

20. Кітап үлгісіндегі авиация персоналының куәлігі қолмен баспа әріппен айқын әрі анық, қара сиямен, пастамен немесе гелді қаламмен толтырылады. Авиация персоналының куәлігіне жалпы ақпаратты енгізу мақсатында мөртабан мен мөр басуға болады. Тазартып өшіру, түзету және жөндеуге жол берілмейді.

21. Куәліктің XII, XIII тармақтарын осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын авиация персоналының куәлігіне қосымшада қарастыруға болады.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал үшін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлікке қосымшада XV тармақ қарастырылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.08.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Авиация персоналының куәлігі 14 тармақтан тұратын кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәліктерін қоспағанда, 15 тармақтан тұрады және рим цифрларымен нөмірленеді.

Кітап үлгісіндегі куәліктегі тармақтардың атаулары қазақ және ағылшын тілдерінде көрсетіледі.

Пластикалық карточка түріндегі куәлікте тек ағылшын тіліндегі ақпарат бар.

23. Авиациялық персонал куәлігін толтыру және ресімдеу тәртібі:

1) авиациялық персонал куәлігінің бірінші бетінде бас киімсіз фас-қа фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт, көлемі 3,5 x 4,5 см, оң жақ бұрышы бар) жапсырылады. Фотосурет авиация персоналының куәлігін берген уәкілетті ұйымның мөрімен (болған жағдайда) расталады;

2) I тармақта мемлекеттің атауы (жартылай қалың қаріппен) көрсетіледі;

3) II тармақта авиациялық персонал куәлігінің атауы (қалың қаріппен) көрсетіледі;

4) III тармақта авиациялық персонал куәлігіне уәкілетті ұйымның берген сериялық нөмірі (араб цифрларымен) көрсетіледі;

5) IV тармақта мемлекеттік немесе ағылшын тілдерінде авиациялық персонал куәлігі иесінің тегі, аты, туған күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі. Туған күні араб сандарымен көрсетіледі;

6) V тармақта кітап үлгісіндегі авиациялық персонал куәлігі иесінің мекенжайы көрсетіледі, ол "Қазақстан Республикасы" немесе "Republic of Kazakhstan" жазбасымен шектелуі мүмкін, пластик карточка түріндегі авиациялық персонал куәлігінде V тармақ қолданылмайды;

7) VI тармақта авиациялық персонал куәлігі иесінің азаматтығы ағылшын тілінде көрсетіледі;

8) VII тармақта авиациялық персонал куәлігі иесінің қолы қойылады;

9) VIII тармақта негіздеме және қажет болған жерде куәлік берілген шарттар көрсетіледі;

10) IX тармақта авиациялық персоналдың куәлігінде көзделген мүмкіндіктерді иеленушіге пайдалануға мүмкіндік беретін куәліктің қолданылу мерзімі бар белгі енгізіледі. Кітап үлгісіндегі авиация персоналының куәлігінде лауазымды адамның тегі, аты-жөні көрсетіледі және оның қолы қойылады және уәкілетті ұйымның мөрімен (болған жағдайда) расталады.

11) Авиациялық персонал куәлігінің X тармағында авиациялық персонал куәлігін берген уәкілетті ұйымның лауазымды тұлғасының қолы және куәлікті беру күні қойылады;

12) кітап үлгісіндегі авиациялық персонал куәлігінің XI тармағында авиациялық персонал куәлігін берген уәкілетті ұйымның мөрі (болған жағдайда) қойылады, авиациялық персонал куәлігінде пластикалық карточка түрінде XI тармақ қолданылмайды;

13) авиациялық персонал куәлігінің XII (Ratings) тармағына мынадай біліктілік белгілері енгізіледі:

бір пилот басқаратын әуе кемелері пилоттарының куәліктерінде әуе кеменің класы мен түрі көрсетіледі;

әуе кемесі пилотының куәлігінде бір қозғалтқышты ұшақтар үшін SE (IR) немесе көп қозғалтқышты ұшақтар үшін ME (IR) аспаптары бойынша ұшуға рұқсат көрсетіледі ;

ұшақ пилоты немесе көп мүшелі экипажы бар тікұшақтар пилоты куәліктерінде әуе кеменің типі, сондай-ақ берілген біліктілігіне қарай (KBC (PIC) лауазымы немесе екінші пилот (Co-Pilot) көрсетіледі;

штурманның, бортинженерінің (бортмеханик), бортрадистінің, куәлігінде әуе кеменің түрі көрсетіледі;

әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің куәлігінде (бұдан әрі – ӘҚК) авиациялық персонал куәлігінің иесі жұмысқа жіберілген біліктілік белгісінің санаттары көрсетіледі;

авиациялық станция (теңіз қондырғысында орналасқан) операторы куәлігінде авиациялық персонал куәлігінің иесі жұмысқа жіберілген теңіз қондырғысының тікұшақ айлағының атауы көрсетіледі;

әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінде қабылданған Халықаралық қысқартуларға сәйкес әуе кемелерінің және қозғалтқыштың түрлері, әуе кемелерінің топтары және/немесе кіші топтары, "B1", "B2" немесе "C" әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал санаттарының бірі көрсетіледі;

жеңіл және аса жеңіл әуе кемелерге техникалық қызмет көрсету персоналы куәлігінде күштік қондырғысы көрсетілмей, "B3" санаты, әуе кемесінің түрі немесе типі көрсетіледі;

сыртқы пилоттың куәлігіне пилотсыз ұшу аппаратының типі, түрі, класы енгізіледі;

Авиациялық персонал куәліктерінің "Ratings" бөліміндегі жазбалар коммерциялық емес ұйымның лауазымды адамының қолымен және коммерциялық емес ұйымның мөрімен (болған жағдайда) расталатын жеңіл және аса жеңіл авиацияның авиация персоналының куәліктерін қоспағанда, уәкілетті ұйымның лауазымды адамының қолымен және уәкілетті ұйымның мөрімен (болған жағдайда) расталады.

14) авиация персоналы куәлігінің XIII (Special Remarks) тармағына тілді меңгеру деңгейі туралы белгіні қоса алғанда, шектеулері бар арнайы белгілерді және авиация персоналы куәлігінің ұсынылатын мүмкіндіктері туралы белгілерді қамтитын ескертпелер мен мынадай басқа да ақпараттар енгізіледі:

нұсқаушылық және емтихандық жұмысқа рұқсаттама туралы;

радиотелефон байланысында қолданылатын ағылшын тілін меңгеру деңгейі туралы белгі;

қосымшаның жеке нөмірі (XV тармақ) туралы және "A", "B1", "B2" және "C" санаттарының әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналы үшін оның берілген күні.

Авиациялық персонал куәлігінің XII және XIII тармақтарын толтыру үлгілері осы Қағидаларға 8-қосымшада келтірілген.

15) авиация персоналы куәлігінің XIV тармағында авиация персоналы куәлігінің иесі жұмыс істейтін азаматтық авиация ұйымының атауы көрсетіледі.

Ұшу экипажы мүшелерінің және әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәліктерінің иелері үшін жұмыс орны туралы деректер енгізілмейді.

16) Уәкілетті ұйым "B3" санатын қоспағанда, "A", "B1", "B2" және "C" санатындағы әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналы куәлігіне қосымшаны береді, онда қосымшаның жеке нөмірі, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналы берілген куәлігінің категориясы (санаттары) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігі жарамды болып табылатын

шектеулер мен талаптар көрсетіледі. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналының қолданыстағы куәлігін жаңа санатпен немесе қосымша санатпен толықтыруға талаптар осы Қағидаларға 9-қосымшада, әуе кемелерінің рейтингі бойынша талаптар осы Қағидаларға 10-қосымшада келтірілген.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналы куәлігіне "А", "В1", "В2" және "С" санаттарының әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналының куәліктері куәліктің қосымшасынсыз (XV тармақ) жарамсыз болып табылады.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналы куәліктерінің қосымшасындағы ақпарат (XV тармақ) орыс және ағылшын тілдерінде, ауыспалы деректер – мемлекеттік немесе ағылшын тілінде басылып жазылады.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналы куәліктерінің қосымшасы (XV тармақ) көгілдір түсті А4 нысанындағы қағазда басылады.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналы куәліктерінің қосымшасы (XV тармақ) бүлінген немесе жоғалған жағдайда өтініш берушінің өтініші негізінде қайта беріледі.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналы куәліктері қосымшасының (XV тармақ) мазмұнына өзгерістер енгізілген жағдайда, иесіне берілген санат немесе қосымша санат дәрежесінің өзгеруін, сондай-ақ шектеулер енгізу немесе оны алуды қоса алғанда, уәкілетті ұйым қосымшаға жаңа нөмір береді және куәліктің XIII "Special Remarks" тармағына қосымша берілгені туралы жаңа белгі қояды.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.08.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

24. Ұшу экипажы мүшесі куәлігінің иесі қолданыстағы куәлік және нұсқаушының тиісті арнайы белгісі болған кезде әуе кемесінде ұшу даярлығын жүргізеді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.08.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. ӘКК немесе ұшақтың, тік ұшақтың, дирижабль, еркін аэростат, планер, мотодельтаплан, автожир, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің екінші пилоты қызметін атқару үшін ұшу экипажы мүшелерінің тиісті куәлік болуы тиіс.

26. Әуе кемесінің түрі авиация персоналы куәлігінің атауының өзінде көрсетіледі немесе авиация персоналының куәлігіне әуе кемесінің түрі туралы біліктілік белгісі ретінде енгізіледі.

27. Егер ұшу экипажы мүшелерінің пилот куәлігін алғаш алатын үміткер ұшу экипажы мүшелерінің тиісті куәлігін алу үшін қажетті білімі мен дағдысын жақсы көрсетсе, үміткерге біліктілікке тексеру кезінде пайдаланылған әуе кемесінің түріне

немесе сыныбына сәйкес келетін әуе кемесінің түрі мен біліктілік белгісі бар ұшу экипажы мүшелерінің пилот куәлігі беріледі.

28. Егер ұшу экипажы мүшелерінің куәлігінің иегері қосымша әуе кемесінің түрі үшін ұшу экипажы мүшелерінің куәлігін алуға үміттенсе және қажетті білімі мен дағдысын жақсы көрсетсе, оған осы әуе кемесінің түрі үшін қосымша ұшу экипажы мүшелерінің куәлігі беріледі немесе алғашқы берілген ұшу экипажы мүшелерінің куәлігіне әуе кемесінің түрі туралы жаңа біліктілік белгісі енгізіледі.

29. Біліктілік белгілерінің қолданылу мерзімі:

ұшу экипаждарының мүшелері үшін – біліктілік тексеру (LPC) жүргізілген күннен бастап 1 (бір) жыл;

ӘҚҚ диспетчерлері мен авиациялық станция (теңіз қондырғысында орналасқан) операторлары үшін – практикалық дағдыларды тексеру күнінен бастап 2 (екі) жыл;

әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал үшін – мерзімсіз және әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі куәліктің қолданылу мерзімімен шектеледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.08.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-1. Ұшу экипажы мүшесінің біліктілік белгісінің қолданылу мерзімі үзілмейді және ол аяқталғанға дейін 90 (тоқсан) күн ішінде біліктілік белгісінің қолданылу мерзімі ұзартылған кезде ол аяқталған күннен бастап ұзартылады.

Ұшуды тексеру актісі біліктілік белгілерін енгізу және (немесе) ұшу экипажы мүшесінің куәлігін алу үшін ұшуды тексеру жүргізілгеннен кейін 180 күн ішінде жарамды.

Ескерту. Қағида 29-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.08.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 05.09.2025 № 292 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

30. Арнайы белгілердің мерзімі:

1) нұсқаушы: ұшу экипаждарының мүшелері, әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерлері, авиациялық станция операторлары үшін – даярлық аяқталған күннен бастап 3 (үш) жыл;

2) радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін меңгеру деңгейі туралы:

4-деңгей – тестілеу тапсырған күннен бастап 3 (үш) жыл;

5-деңгей – тестілеу тапсырған күннен бастап 6 (алты) жыл;

6-деңгей – шексіз.

3) емтихан алушы – ұшу экипаждарының мүшелері, ӘҚК диспетчерлері, авиациялық станция операторлары және ӘК ТҚ бойынша персонал үшін даярлық аяқталған күннен бастап 3 (үш) жыл. Уәкілетті ұйымның біліктілік комиссиясы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 31 шілдедегі № 517 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15600 болып тіркелген) авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындау қағидаларына сәйкес тағайындауды жүзеге асырады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.08.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Ұшу экипажы мүшелерінің біліктілік және арнайы белгілерінің қолданылу мерзімін енгізу және ұзарту

31. Бір пилот басқаратын ұшулар үшін куәландырылған ұшақтарға класс жөніндегі біліктілік белгілері белгіленеді және оның құрамына:

бір қозғалтқышты, құрлықтағы (поршенді – SEP (land), газ турбиналы – SET (land));

бір қозғалтқышты, гидроұшақ (поршенді – SEP (sea), газ турбиналы – SET (sea));

көп қозғалтқышты, құрлықтағы (поршенді – MEP (land)), газ турбиналы – MET (land));

көп қозғалтқышты, гидроұшақ (поршенді – MEP (sea), газ турбиналы – MET (sea)) кіреді.

32. Әуе кемесінің түрі туралы біліктілік белгілері төмендегілер үшін белгіленеді:

1) кемінде екі және одан астам пилоты бар, ең аз экипажымен ұшуға арналған сертификатталған әуе кемесі;

2) көтергіш күшін ұлғайту жүйесі бар тікұшақ немесе әуе кемесі.

33. Жеңіл және аса жеңіл авиацияның авиация персоналының куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізуді әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйым жүзеге асырады. Осы мақсаттар үшін өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағына сәйкес құжаттарды коммерциялық емес ұйымға ұсынады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.08.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Жеңіл және өте жеңіл авиацияның авиациялық персоналының біліктілік деңгейін коммерциялық емес ұйымның тұрақты жұмыс істейтін біліктілік комиссиясы анықтайды.

35. Біліктілік белгілерінің қолданылу мерзімі олардың қолданылу мерзімі тоқтатылатын айдың соңына дейін ұзартылады.

Біліктілік белгісінің қолданылу мерзімі өткеннен кейін 3 (үш) жыл және одан көп біліктілік белгісі болмаған кезде, оның қолданылуын ұзарту үшін өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағының 8.10.1) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.08.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35-1. Нұсқаушының арнайы белгісінің қолданылу мерзімі ол аяқталғанға дейін 12 ай ішінде ұзартылған жағдайда, арнайы белгінің қолданылу мерзімі ол аяқталған күннен бастап ұзартылады.

Ескерту. Қағида 35-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.08.2022 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының біліктілік және арнайы белгілерінің қолданылу мерзімін енгізу және ұзарту

36. ӘҚҚ диспетчерінің біліктілік белгілеріне мынадай белгі санаттары кіреді:

- 1) әуеайлақ диспетчері;
- 2) жақындау процедуралық бақылау диспетчері;
- 3) бақылау құралдарын қолданатын жақындау бақылау диспетчері;
- 4) ӘҚҚ ауданының процедуралық бақылау диспетчері;
- 5) бақылау құралдарын қолданатын ӘҚҚ ауданының бақылау диспетчері.

37. ӘҚҚ диспетчерінің біліктілік белгілері мынадай диспетчерлік пункттерге сәйкес келеді:

1) әуеайлақ диспетчері біліктілігі – рульдеу диспетчерлік пунктісіне немесе бастапқы диспетчерлік пунктке немесе мұнара диспетчерлік пунктісіне дербес жұмысқа рұқсаты бар тұлғаларға беріледі;

2) жақындау процедуралық бақылау диспетчері немесе бақылау құралдарын қолданатын жақындау бақылау диспетчерінің біліктілігі жақындау диспетчерлік пунктісіне немесе шеңбер диспетчерлік пунктісіне немесе диспетчерлік пункттерге (диспетчерлік пункттерді қоса атқарған кезде) дербес жұмысқа рұқсаты бар тұлғаларға беріледі;

3) ӘҚҚ ауданының процедуралық бақылау диспетчері немесе бақылау құралдарын қолданатын ӘҚҚ ауданының бақылау диспетчері біліктілігі – аудандық диспетчерлік пункт, аудандық диспетчерлік орталық немесе жергілікті диспетчерлік пункт жұмыс орнына дербес жұмысқа рұқсаты бар тұлғаларға беріледі.

4-параграф. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету қызметкерлерінің куәліктеріне кәсіби және арнайы белгілер енгізу

38. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігі (AML) және жеңіл және аса жеңіл ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігі (LAML) мынадай санаттарды қамтиды:

1) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігі (AML);

А санаты;

В1 санаты;

В2 санаты;

С санаты.

А және В 1 санаттары ұшақтардың, тікұшақтардың, газ турбиналы және поршенді қозғалтқыштардың комбинацияларына қатысты ішкі санаттарға бөлінеді:

А1 және В1.1 – газ турбиналы қозғалтқыштары бар ұшақтар;

А2 және В1. 2 - поршенді қозғалтқыштары бар ұшақтар;

А3 және В1.3 – газ турбиналы қозғалтқыштары бар тікұшақтар;

А4 және В1. 4-поршенді қозғалтқыштары бар тікұшақтар.

С санаты мыналарға бөлінеді:

Кешенді ӘК;

Кешенді әуе кемелерден басқа, әуе кемелері.

С санаты ұшақтар мен тікұшақтарға қолданылады.

В2 санаты:

В2 санаттағы куәлік барлық ӘК-де қолданылады;

2) Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігі (LAML);

В3 (А) – максималды ұшу салмағы кемінде 5700 кг болатын жеңіл және аса жеңіл авиацияның герметикалық поршенді ұшақтары;

В3 (MHG) – мотодельтоплан;

В3 (AG) – автожир;

В3(S) – планер;

В3 (В) – жылу аэростаты.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігіне біліктілік белгілерін енгізу мақсаттары үшін әуе кемелері мынадай топтар бойынша анықталады:

1) 1-топ:

кешенді әуе кемелері, оның ішінде көп қозғалтқышты тікұшақтар, ұшудың ең жоғары пайдалану биіктігі 29000 футтан асатын ұшақтар, электр қашықтықтан басқару жүйесімен жабдықталған әуе кемелері және уәкілетті ұйым айқындайтын әуе кемелері типінің біліктілік белгілерін енгізуді талап ететін әуе кемелері;

2) 2-топ:

1-топқа жатпайтын әуе кемелері, олар мынадай кіші топтарға тиесілі:

2a-кіші тобы: бір газтурбиналық қозғалтқышы бар ұшақтар;

2b-кіші тобы: бір газтурбиналық қозғалтқышы бар тікұшақтар;

2c-кіші тобы: бір поршенді қозғалтқышы бар тікұшақтар;

3) 3-топ;

1-топта және 2c кіші топта көрсетілмеген, поршенді қозғалтқышы бар ұшақтар;

барынша ұшу салмағы кемінде 5700 кг герметикалық емес жеңіл поршенді әуе кеме

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 05.09.2025 № 292 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Алып тасталды - ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. XII "Ratings" бағанындағы біліктілік белгісі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне қосымшаның 4-тармағында көрсетілген берілген санатпен сәйкес келген кезде жарамды болып табылады.

42. "А" санаты рейтинг болып табылмайды және XII "Ratings" тармағына енгізілмейді.

43. Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналының қолданыстағы куәлігіне кәсіби және арнайы белгілерді коммерциялық емес ұйым енгізеді. Бұл жазбалар коммерциялық емес ұйымның лауазымдық адамының қолымен және мөрмен (бар болса) расталады.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

44. Уәкілетті ұйымның әкімшілік актіні әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қабылдауға байланысты әкімшілік әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

45. Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым қарастыру мемлекеттік корпорация филиалының басшысына мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар арқылы жіберіледі. www.gov4c.kz.

Қолма-қол да, пошта арқылы да келіп түскен шағымның мемлекеттік корпорацияға қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

46. Шағым Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті ұйымға және (немесе) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Уәкілетті ұйым, Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте уәкілетті ұйым, Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасалады, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

47-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Өтініш берушінің шағымы мемлекеттік қызмет Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым, уәкілетті органның;

ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде – мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның қарауына жатады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

48-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның Мемлекеттік көрсетілетін қызметтуралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру немесе жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

5-тарау. Авиациялық персонал куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру, қайтарып алу тәртібі

49. Уәкілетті ұйым:

1) әуе кемелерінің ұшу жарамдылығына әсер ететін жұмыс орындау технологиясын сақтамаған;

2) тексеру кезінде анықталған жеткіліксіз кәсіби дайындық болған;

3) ұшуды қамтамасыз ету және орындау кезінде, әуе қозғалысына қызмет көрсету және техникалық қызмет көрсету кезінде белгіленген талаптарды бір рет өрескел бұзған;

4) алкогольді, наркологиялық мастық (осыған ұқсас) жағдайында әуе қозғалысын басқаруға, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге, әуе қозғалысына қызмет көрсетуге байланысты қызметтерін орындаған жағдайларда авиациялық персонал куәлігінің қолданысын тоқтатады (тану туралы шешім).

Авиациялық персонал куәлігінің қолданысын тоқтату, осы авиациялық персонал куәліктерінің біліктілік белгілерінің әсерін де сол уақытта тоқтатады.

Куәлігі уақытша тоқтатылған адамға акт ұсынылған сәттен бастап авиациялық персонал куәлігінің қолдану мерзімі күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспауы тиіс.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Куәліктің қолданысын тоқтатқан өкіметті ұйымның лауазымдық тұлғасы осы қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәліктің қолдану негіздемесі, күні және оны жасау орны, актіні жасаған лауазымдық тұлғаның аты-жөні, авиациялық персонал куәлігі мерзімі тоқтатылған адам туралы мәлімет көрсетіледі.

51. Авиациялық персонал куәлігін қолданылуын тоқтату туралы инспекторлық нұсқаманы жасаған уәкілетті ұйымның лауазымдық тұлғасы, авиациялық персонал

куәлігінің иесі немесе көрсетілген авиациялық персонал қол астындағы көрсетілген қызметкері бар азаматтық авиация мекемесінің басшысы қол қояды.

Егер аталған адамдардың біреуі актіге қол қоймаған жағдайда, лауазымды адам оған тиісті жазба жасайды.

52. Авиациялық персонал куәлігінің қолданылуы тоқтатылғаны туралы актінің көшірмесін авиациялық персонал куәлігі уақытша тоқтатылған тұлғаға қолхатқа қол қойылып беріледі.

53. Егер белгіленген мерзімде авиациялық персонал куәлігінің иесі немесе авиациялық персонал куәлігінің иесі бағынышты азаматтық авиация ұйымының басшысы осы Қағидалардың 49-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген бұзушылықтарды жоймаса, авиациялық персонал куәлігі қайтарылып алынады.

54. Уәкілетті ұйым мынадай жағдайларда:

1) авиациялық персонал куәлігін ұсынған құжаттарды бұрмалау жолымен алу (тану туралы шешім);

2) қызметтік функцияларды орындауға қатысты жазбалар мен оларға қатысты мәліметтерді бұрмалау жолымен;

3) сот шешімімен авиациялық персонал куәлігін қайтарып алады (тану туралы шешім).

55. Уәкілетті ұйым авиациялық персонал куәлігі иесіне немесе көрсетілген тұлға өз бағынысындағы азаматтық авиация мекемесінің ұйымының басшысына шешім қабылданған сәттен бастап 3 жұмыс күні мерзімі ішінде куәлікті қайтарып алу туралы хабарлайды.

Авиация персоналы куәлігінің иесі немесе куәлік иесі бағынысты Азаматтық авиация ұйымының басшысы Уәкілетті ұйым хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде авиация персоналы куәлігін уәкілетті ұйымға қайтарады.

Егер авиациялық персонал куәлігі белгіленген мерзімде қайтарылмаған жағдайда, куәлікті қайтару белгіленген заңнамалық тәртіпте сот арқылы жүзеге асырылады.

56. Уәкілетті ұйым авиация персоналы куәлігін кері қайтарып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда берілген авиация персоналы куәлігінің тізілімінде, "Ескерту" бағанында күні көрсетіле отырып, авиация персоналы куәлігін кері қайтарып алу туралы жазба жасалады.

57. Куәлікті қайтарып алғаннан кейін оны беру осы Қағидаларда көзделген тәртіппен, 12 айдан ерте емес жүргізіледі.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Куәлікті және (немесе) оған қосымшаны ауыстыру жоғалған, ұрланған, бүлінген, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ауыстырылған, кітап үлгісіндегі куәлік пластикалық карточка түріндегі куәлікке ауыстырылған кезде жүргізіледі.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Авиациялық персоналдың куәлігі жазбаны, белгілерді, мөрді, сондай-ақ тозу немесе механикалық әсерінің нәтижесінде фотосуреті бойынша иесінің сәйкестендіруін оқу мүмкін болмаған жағдайда бүлінген болып саналады.

60. Авиациялық персонал куәлігінің қолданылуы (тану туралы шешім) мынадай:

1) авиациялық персоналының куәлігі жоғалған, ұрланған, бүлінген немесе оның иесі тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) ауыстырған;


2) еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайы (жұмыс орнынан деректер ұсыну бойынша);

3) қайтыс болған жағдайларда тоқтатылады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 194 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Авиация персоналы куәліктерін
беру және олардың қолданылу
мерзімін ұзарту қағидаларына
1-қосымшасы
Нысаны

Авиация персоналының кітапша түріндегі куәлігі



IX. КУӘЛІКТІ ҚОЛДАНУ
МЕРЗІМІ LICENCE VALIDITY

Колдану мерзімі ұзартылды
Licence validity is prolonged ".....
".....20.....
жылға till дейін
мөр орны(қызметі/licensing officer) (қолы/
signature)Колдану мерзімі
ұзартылды Licence validity is
prolonged "....."
.....20.....жылға till дейін ...
..... мөрдiң орны.....

IX. КУӘЛІКТІ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ LICENCE VALIDITY

.... Колдану мерзімі ұзартылды Licence validity is prolonged "....."
.....20.....жылға till дейін мөр орны ...
..... (қызметі/licensing officer) (қолы/signature)Колдану
мерзімі ұзартылды Licence validity is prolonged "....."
.....20.....жылға till дейін мөрдiң орны

.....(қызметі/licensing officer) (қолы/signature)Колдану мерзімі ұзартылды Licence validity is prolonged ".....".....20.....жылға till дейін мөрдiң орны(қызметі/licensing officer) (қолы/signature)Колдану мерзімі ұзартылды Licence validity is prolonged ".....".....20.....жылға till дейін мөрдiң орны(қызметі/licensing officer) (қолы/signature)Колдану мерзімі ұзартылды Licence validity is prolonged ".....".....20.....жылға till дейін мөрдiң орны(қызметі/licensing officer) (қолы/signature)Колдану мерзімі ұзартылды Licence validity is prolonged ".....".....20.....жылға till дейін мөрдiң орны 2.	(қызметі/licensing officer) (қолы/signature)Колдану мерзімі ұзартылды Licence validity is prolonged ".....".....20.....жылға till дейін мөрдiң орны(қызметі/licensing officer) (қолы/signature)Колдану мерзімі ұзартылды Licence validity is prolonged ".....".....20.....жылға till дейін мөрдiң орны(қызметі/licensing officer) (қолы/signature)Колдану мерзімі ұзартылды Licence validity is prolonged ".....".....20.....жылға till дейін мөрдiң орны 3.
XII. БІЛІКТІЛІК БЕЛГІЛЕРІ RATINGS Әуе ұшағының санаты, сыныбы, түрі, міндеттемелері Category, class, type of aircraft, duties exercised20.....жыл,(жіберілім уақыты/effective date) (қолы/signature)мөрдiң орны _____ _____ Әуе ұшағының, санаты, сыныбы, түрі, міндеттемелері Category, class, type of aircraft, duties exercised20.....жыл,(жіберілім уақыты/effective date) (қолы/signature)мөрдiң орны _____ _____ Әуе ұшағының, санаты, сыныбы, түрі, міндеттемелері Category, class, type of aircraft, duties exercised20.....жыл,(жіберілім уақыты/effective date) (қолы/signature)мөрдiң орны _____ _____ Әуе ұшағының, санаты, сыныбы, түрі, міндеттемелері Category, class, type of aircraft, duties exercised20.....жыл,(жіберілім уақыты/effective date) (қолы/signature)мөрдiң орны _____ 12	XII. БІЛІКТІЛІК БЕЛГІЛЕРІ RATINGS Әуе ұшағының санаты, сыныбы, түрі, міндеттемелері Category, class, type of aircraft, duties exercised20.....жыл,(жіберілім уақыты/effective date) (қолы/signature)мөрдiң орны..... _____ _____ Әуе ұшағының, санаты, сыныбы, түрі, міндеттемелері Category, class, type of aircraft, duties exercised20.....жыл,(жіберілім уақыты/effective date) (қолы/signature)мөрдiң орны _____ _____ Әуе ұшағының, санаты, сыныбы, түрі, міндеттемелері Category, class, type of aircraft, duties exercised20.....жыл,(жіберілім уақыты/effective date) (қолы/signature)мөрдiң орны _____ 13
XIII. ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕР SPECIAL REMARKS _____ _____ _____ _____ 20.	XIII. ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕР SPECIAL REMARKS _____ _____ _____ _____ _____ 21.

XIV. ӨЗГЕ МƏЛИМЕТТЕР OTHER DETAILS

XIV. ӨЗГЕ МƏЛИМЕТТЕР OTHER DETAILS

Жұмыс орны The place of work

— Жұмыс орны The place of work

28

29

Авиация персоналы куәліктерін
беру және олардың қолданылу
мерзімін ұзарту қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Пластикалық карта түріндегі авиация персоналының куәлігі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

[illegible]

MPL	көп мүшелі экипажының пилоты (ұшақ)	күрең
ATPL (A)	Желілік пилот (ұшақ)	көгілдір
ATPL(H)	Желілік пилот (тікұшақ)	Ақ түсте қара-сұр екі жолағы бар көгілдір
FBPL	Аэростат пилоты	қызғылт сары
GPL	Планер пилоты	ақ
Ұшу экипажының мүшелері		
FNL	Штурман	қызыл
FEL	бортинженер (бортмеханик)	қоңыр
FROL	Бортрадист	қара
Ұшу экипажының мүшелерінен басқа персоналдар		
RPL	Сыртқы пилот	күлгін
AML	Әуе кемелеріне ТҚ персоналы	талшын
LAML	Жеңіл және аса жеңіл авиациясының әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналы	Ақ түсте қарақоңыр-сұр екі жолағы бар талшын
TCL	ӘҚҚ диспетчері	сары
ASOL	Авиациялық станциясының операторы (теңіз кондырғысында орналасқан)	көк
FDL	Ұшуларды қамтамсыз ететін қызметкер/ұшу диспетчері	Көгілдір ақ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Авиация персоналы куәліктерін
беру және олардың қолданылу
мерзімін ұзарту қағидаларына
4-қосымша

"Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

1. Ұшу экипажы мүшесінің куәлігін беру;
2. Сыртқы пилот куәлігін беру;
3. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігін беру;
4. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру;

5. Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру;
6. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің немесе ұшу диспетчерінің куәлігін беру;
7. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту;
8. Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту;
9. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер немесе ұшу диспетчері куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту;
11. Сыртқы пилоттың куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту;
12. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту;
13. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу;
10. Ұшу экипажы мүшесінің куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту;
14. Авиация персоналының куәлігін және (немесе) оған қосымшаны ауыстыру.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: 1) Мемлекеттік корпорация; 2) портал.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	"Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамына құжаттар келіп түскен күннен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні;
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	авиация персоналына куәліктер беру; авиациялық персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту; біліктілік және арнайы белгілердің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту; куәлікті және (немесе) оған қосымшаны жоғалған, ұрланған, бүлінген, тегін, атын, әкесінің атын ауыстырған (бар болса), кітап үлгісіндегі куәлікті пластикалық карточка түріндегі куәлікке ауыстырған кезде ауыстыру; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер

		бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесіне және азаматтық авиация саласындағы төлем ставкаларына сәйкес.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) уәкілетті ұйымға – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 08:30-ден 17.30-ға дейін. 2) мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін түскі үзіліссіз, сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін; Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша электрондық кезек тәртібімен, жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы "броньдауға" болады; 3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		8.1. Ұшу экипажы мүшесінің куәлігін беру: 8.1.1. ұшу экипажы мүшесінің куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

өтініш:

PPL жеке пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), CPL коммерциялық авиациясының пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), MPL көпмүшелік экипажының (ұшағының) ұшқышының, ATPPL желілік пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, әуе кемесінің) куәліктеріне қатысты арттыру жүйесімен), осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың осы тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш (ЖСН, Тегі, Аты және әкесінің аты (бар болса) ағылшын тілінде баспа әріптерімен көрсетілген);

ULAPL аса жеңіл әуе кемесі пилотының (мотодельтаплан, автожир, дирижабль, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі), LAPL жеңіл әуе кемесі (ұшақтың, тікұшақтың) пилотының, FBPL еркін аэростат пилотының, GPL планер пилотының, FROL бортрадистінің куәліктеріне қатысты осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес өтініш FNL штурман куәлігіне қатысты;

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш FEL бортинженерінің (бортмеханигінің) куәлігіне қатысты;

теориялық емтихандарды табысты тапсырғаны туралы сертификатты қоса бере отырып, АОО бітіргені туралы құжаттардың көшірмелері; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша ұшақ пилоттары үшін біліктілік деңгейін тексеру актісінің (LPC) көшірмесі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тікұшақ пилоттары үшін ұшуды тексеру актісі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшуды тексеру актісінің көшірмесі;

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық авиация ұйымының қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылған ұшу экипажының мүшелеріне ұсыным;

басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі;

екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт, өлшемі 3,5 x 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан оң жақ бұрышымен);

тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі; радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге арналған тестілеуден өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (халықаралық ұшуды орындайтын ұшу экипажының мүшелері үшін);

қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі; ұшу кітапшасының көшірмесі;

толтырылған сәйкестік парағы, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери есепке алуды есепке алу (Мемлекеттік авиациядан келгендер үшін);

ұшу экипажы мүшелері куәлігінің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде);

мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.

8.2. Сыртқы пилот куәлігін беру:

8.2.1. сыртқы пилот куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

АОО немесе авиациялық оқу орнын бітіргені туралы құжаттардың көшірмелері;

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдан басқа, басқа авиация персоналы үшін ұйымның қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылған ұсыным;

екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт, өлшемі 3,5 x 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан оң жақ бұрышымен);

тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі;

қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;

басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі;

куәліктің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде).

8.3. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігін беру:

8.3.1. әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың

тізбесіне 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдан басқа, басқа авиация персоналы үшін азаматтық авиация ұйымының қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылған ұсыным;
АОО бітіргені туралы құжаттардың көшірмелері;
осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік емтиханын өткізу хаттамасының көшірмесі;
екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт , өлшемі 3,5 x 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан оң жақ бұрышымен);
тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі (ӨҚҚ диспетчері үшін);
қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;
радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге арналған тестілеуден өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (халықаралық ұшуларды қамтамасыз ету кезінде);
басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі;
куәліктің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде);
мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.

8.4. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру:

8.4.1. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін алу үшін

өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш (ЖСН, Тегі, Аты және әкесінің аты (бар болса) ағылшын тілінде баспа әріптерімен көрсетілген);

АОО - да бастапқы даярлықты сәтті аяқтағаны туралы сертификаттың көшірмесі не егер үміткерде бұрын осы куәлік болмаған болса, мерзімі сертификат берілген күннен бастап 10 жылдан аспайтын модульдік бағдарлама бойынша теориялық емтихандарды сәтті тапсырғаны туралы сертификаттың (сертификаттардың) көшірмесі;

білім туралы құжаттың көшірмесі;

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке журналының көшірмесі;

А/В1/В2 санаты бойынша практикалық тағылымдаманың бағалау парағының көшірмесі;

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке деректері;

екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт, өлшемі 3,5 x 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан оң жақ бұрышымен);

"Қазақстандық және халықаралық авиациялық заңнама" бағдарламасы бойынша оқығаны туралы құжаттың көшірмесі (Үлгілік бағдарламалардың 10RK модулінің бағдарламасына сәйкес келетін), танылған шетелдік АОО-да базалық білімнің теориялық емтихандарын тапсыру туралы сертификат берілген жағдайда;

басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі;
куәліктің және оған қосымшаның түпнұсқасы (XV тармақ) (куәлікті ауыстыру кезінде);
мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.

8.5. Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру:

8.5.1. жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:
осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

АОО - да бастапқы даярлықты сәтті аяқтағаны туралы сертификаттың көшірмесі немесе сертификат берілген күннен бастап 10 жылдан аспайтын модульдік бағдарлама бойынша теориялық емтихандарды сәтті тапсырғаны туралы сертификаттың (сертификаттардың) көшірмесі;

білім туралы құжаттың көшірмесі;
осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке журналының көшірмесі;

екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт , өлшемі 3,5 x 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан оң жақ бұрышымен);

"Қазақстандық және халықаралық авиациялық заңнама" бағдарламасы бойынша оқығаны туралы құжаттың көшірмесі (Үлгілік бағдарламалардың 10RK модулінің бағдарламасына сәйкес келетін) , танылған шетелдік АОО-да базалық білімнің теориялық емтихандарын тапсыру

туралы сертификат берілген жағдайда;

басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі;

әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдардың (бұдан әрі – коммерциялық емес ұйым) тұрақты жұмыс істейтін Біліктілік комиссиясының ұсынысы және шешімі;

куәліктің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде).

8.6. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің немесе ұшу диспетчерінің куәлігін беру:

8.6.1. ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің немесе ұшу диспетчерінің куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

АОО аяқталғаны туралы құжаттың көшірмесі;

азаматтық авиация ұйымының қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылған объективті деректері бар осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 9-қосымшаға сәйкес әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдан басқа, басқа авиация персоналы үшін ұсыну;

екі фотосурет (түрлі-түсті, күнгірт, өлшемі 3,5 x 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан оң жақ бұрышымен);

қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі; басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі;

куәліктің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде).

8.7. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі

персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту:

8.7.1. әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

куәліктің түпнұсқасы және оған қосымша (XV тармақ).

8.8. Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту:

8.8.1. жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

коммерциялық емес ұйымның тұрақты жұмыс істейтін Біліктілік комиссиясының ұсынысы және шешімі;

куәліктің түпнұсқасы және оған қосымша (XV-тармақ).

8.9. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер немесе ұшу диспетчері куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту:

8.9.1. ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер немесе ұшу диспетчері куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

көрсетілген еркін нысандағы өтініш (ЖСН, байланыс деректерін көрсете отырып (телефон, пошталық мекенжай), сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;

мамандығы бойынша кәсіптік деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі; куәліктің түпнұсқасы.

8.10. Ұшу экипажы мүшесінің куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту:

8.10.1. ұшу экипажы мүшесінің куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

өтініш:

PPL жеке пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), CPL коммерциялық авиациясының пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), MPL көпмүшелік экипажының (ұшағының) пилотының, ATPL желілік пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, әуе кемесінің) куәліктеріне қатысты PPL жеке пилоттық жобасы (көтеру күшін ұлғайту жүйесімен), осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

ULAPL аса жеңіл әуе кемесі пилотының (мотодельтаплан, автожир, дирижабль, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі), LAPL (ұшак, тікұшак) жеңіл әуе кемесінің пилотының, FBPL еркін аэростат пилотының, GPL планер пилотының, FROL бортрадистінің ЖСН көрсетілген еркін нысандағы (ЖСН, байланыс деректерін көрсете отырып (телефон, пошталық мекенжай) өтініш куәліктеріне қатысты, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімді;
осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша FNL штурман куәлігіне қатысты;
осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша FEL бортинженерінің (бортмеханигінің) куәлігіне қатысты;
қайта даярлаудың уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;
осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшақ пилоттары үшін біліктілік деңгейін тексеру актісінің (LPC) көшірмесі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тікұшақ пилоттары үшін ұшуды тексеру актісі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшуды тексеру актісінің көшірмесі;
тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі;
куәліктің және оған қосымшаның (бар болса) көшірмесі;
мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.
8.10.2. ұшу экипажы мүшесінің куәлігіндегі біліктілік және арнайы белгілердің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:
өтініш:
PPL жеке пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе

кемесінің), CPL коммерциялық авиациясының пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), MPL көпмүшелік экипажының (ұшағының) пилотының, ATPL желілік пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, әуе кемесінің) куәліктеріне қатысты арттыру жүйесімен), осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәліктеріне қатысты;

ULAPL аса жеңіл әуе кемесі пилотының (мотодельтаплан, автожир, дирижабль, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі), LAPL жеңіл әуе кемесінің (ұшақтың, тікұшақтың) пилотының, FBPL еркін аэростат пилотының, GPL планер пилотының, FROL бортрадистінің (ЖСН, байланыс деректерін көрсете отырып (телефон, пошталық мекенжай) еркін нысандағы өтініш куәліктеріне қатысты, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша FNL штурман куәлігіне қатысты;

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша FEL бортинженерінің (бортмеханигінің) куәлігіне қатысты;

мамандығы бойынша кәсіптік деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшақ пилоттары үшін біліктілік деңгейін тексеру актісінің (LPC) көшірмесі немесе

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тікұшақ пилоттары үшін ұшуды тексеру актісі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшуды тексеру актісінің көшірмесі;

нұсқаушылардың кәсіби деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері (қажет болған жағдайда);

тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі;

куәліктің және оған қосымшаның (бар болса) көшірмесі;

мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.

8.10.3. ұшу экипажы мүшелерінің куәлігінде радиотелефон байланысында пайдаланылатын тілді білуі туралы арнайы белгінің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: (ЖСН, байланыс деректерін көрсете отырып (телефон, пошталық мекенжай) еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;

радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге арналған тестілеуден өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі;

куәліктің және оған қосымшаның (бар болса) көшірмесі.

8.11. Сыртқы пилоттың куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту:

8.11.1. сыртқы пилоттың куәлігінде біліктілік және арнайы

белгілердің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

(ЖСН, байланыс деректерін көрсете отырып (телефон, пошталық мекенжай) көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;

тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі;

уақыт бойынша соңғы қайта даярлау курстарынан өткенін немесе мамандығы бойынша кәсіби деңгейін қолдағанын растайтын құжаттардың көшірмелері;

куәліктің және оған қосымшаның (бар болса) көшірмесі.

8.12. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту:

8.12.1. әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігіне біліктілік белгілерін енгізу немесе қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

(ЖСН, байланыс деректерін көрсете отырып (телефон, пошталық мекенжай) көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік емтиханын өткізу хаттамасының көшірмесі;

тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі (ӘҚҚ диспетчері үшін);

мамандығы бойынша кәсіптік деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

куәлікке қосымшаның көшірмесі; мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.

8.12.2. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігіне арнайы белгінің қолданылу мерзімін енгізу және (немесе) ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

ЖСН көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім; нұсқаушының қайта даярлау немесе кәсіби деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері және осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік емтиханын өткізу хаттамасының көшірмесі (нұсқаушының арнайы белгісінің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту кезінде);

радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге арналған тестілеуден өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (радиотелефон байланысында пайдаланылатын тілді білуі туралы арнайы белгіні енгізу немесе оның қолданылу мерзімін ұзарту кезінде);

куәлікке қосымшаның көшірмесі; мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.

8.13. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі

персоналдың куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу:

8.13.1. әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне "B" немесе "B2" санаттары бойынша "Ratings" бағанында біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: әуе кемелерінің, қозғалтқыштың үлгілерін және куәліктің санатын көрсете отырып, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

әуе кемесінің үлгісіне оқыту курсының практикалық және теориялық элементтерінің өткені туралы құжаттардың көшірмелері, ал қажет болған жағдайда практикалық тағылымдама бойынша жазбалар. Егер сертификатты уәкілетті ұйым оны жүргізетін ТҚК және АТҚ ұйымына қатысты мақұлдаса, практикалық тағылымдамадан өту нәтижелері бойынша сертификат беруге жол беріледі;

куәліктің және оған қосымшаның түпнұсқасы (XV тармақ);

мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.

8.13.2. әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне "C" санатындағы "Ratings" бағанында біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

әуе кемелерінің, қозғалтқыштың үлгілерін және куәліктің санатын көрсете отырып, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

3-деңгей бойынша оқытудың теориялық бөлігінен кейін әуе кемесінің үлгісінде оқудан өткенін және емтихан тапсырғанын растайтын сертификаттардың

көшірмелері ("С" санатының бірінші жазбасы үшін), ал "С" санаты бойынша әрбір кейінгі жазба үшін-1-деңгей бойынша әуе кемесінің талап етілген үлгісіне оқытуды дәлелдейтін сертификаттар (әуе кемесімен жалпы таныстыру курсы). Егер "С" санатына үміткер осы біліктілік белгісін куәлікке енгізілген әуе кемесінің және қозғалтқыштың сол үлгісіндегі "В1" немесе "В2" санаттары арқылы алса, теориялық оқытудан өткені туралы Жеке сертификат ұсыну талап етілмейді;

ТҚК және АТЖ ұйымындағы жұмыс тәжірибесін немесе мемлекеттік авиацияда немесе әуе кемелерін шығару кезінде алынған тәжірибені растайтын құжаттардың көшірмелері; куәліктің және оған қосымшаның түпнұсқасы (XV тармақ); мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.

8.13.3. әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне "Ratings" бағанында "В1" немесе "В2" санаттары бойынша 2-топтағы 2a, 2b және 2c кіші топтарының толық рейтингі біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2-топтағы толық кіші топтың сұратылған рейтингі және куәліктің санаты көрсетілген өтініш;

әуе кемесінің типіне оқыту курсының практикалық және теориялық элементтерінен өткендігі туралы құжаттардың, ал қажет болған жағдайда практикалық тағылымдама бойынша жазбалардың (OJT) көшірмелері. Тәжірибелік тағылымдамадан өту нәтижелері бойынша сертификатты, егер

сертификатты Уәкілетті ұйым оны өткізетін ӘКЖ және ТҚК ұйымына қатысты мақұлдаған болса, ұсынуға жол беріледі;

Осы кіші топта ұсынылған кемінде 3 әуе кемесінің практикалық тәжірибесін растайтын құжат;

мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.

8.13.4. әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне 2a, 2b және 2c толық кіші тобының "Ratings" бағанында "C" санаты бойынша 2-топта біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2-топта сұратылған кіші топты және куәліктің санатын көрсете отырып өтініш;

осы кіші топта ұсынылған әуе кемесінің кемінде 3 типі бойынша 3-деңгей бойынша оқытудың теориялық бөлігінен кейін әуе кемесінің типіне оқудан өткенін және емтихан тапсырғанын растайтын сертификаттардың көшірмелері;

ӘКЖ және ТҚК ұйымдарындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмелері;

8.13.5 әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне "B1" немесе "B2" санаттары бойынша 3-топтың "Ratings" бағанында біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сұрау салынатын 3-топ пен куәліктің санатын көрсете отырып өтініш;

әуе кемесінің типіне оқыту курсының практикалық және теориялық элементтерінен өткендігі туралы құжаттардың, ал қажет болған жағдайда практикалық тағылымдама бойынша жазбалардың (OJT) көшірмелері. Тәжірибелік тағылымдамадан өту нәтижелері бойынша сертификатты, егер сертификатты Уәкілетті ұйым оны өткізетін ТҚК және РАТ ұйымына қатысты мақұлдаған болса, ұсынуға жол беріледі;

әуе кемелерінің осы тобында ӘК-де жұмыс істеудің практикалық тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмелері;

мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.

8.13.6 әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне "С" санаты бойынша 3-топтың "Ratings" бағанында біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сұрау салынатын 3-топ пен куәліктің санатын көрсете отырып өтініш;

3-деңгей бойынша оқытудың теориялық бөлігінен кейін әуе кемесінің типіне оқудан өткенін және емтихан тапсырғанын растайтын сертификаттардың көшірмелері;

әуе кемелерінің осы тобындағы ӘК-де жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмелері;

мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.

8.13.7. жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың (LAML) куәлігіне біліктілік және

арнайы белгілерді енгізу үшін өтініш беруші коммерциялық емес ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады:

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

әуе кемелерінің үлгісіне немесе түріне АОО-да оқудан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

жұмыс тәжірибесін растайтын, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделетін әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке журналы парақтарының көшірмесі;

"ВЗ" санатындағы жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың біліктілік деңгейін тексеру актісінің көшірмесі;

"|Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге қатысты адамның мүмкіндіктері" бағдарламасы бойынша оқытудан өткені туралы құжаттың (Үлгілік бағдарламалардың 9-модулінің бағдарламасына сәйкес келетін) көшірмесі.

8.14. кітап үлгісіндегі куәлікті пластикалық карточка түріндегі куәлікке ауыстырған кезде өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

8.14.1. куәлікті жоғалтқан, ұрлаған және бүлдірген кезде өтініш беруші авиация персоналының тиісті куәлігін алуға белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды және мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесін ұсынады.

8.14.2. Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) өзгерген кезде, оның ішінде қолданыстағы куәліктің форматы өзгерген және басқа да

		техникалық себептер болған кезде өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; куәліктің және (немесе) оған қосымшаның түпнұсқасы; басқа елдердің азаматтарына паспорттың көшірмесі; пластикалық карточка түріндегі куәлікке ауыстырған кезде екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт, өлшемі 3,5 x 4,5 см, фотосуретке қарап тұрған адамның оң жағында бұрышы бар) немесе сандық фотосурет (3,5*4,5 см., кемінде 413*531 (пиксель)) ; пластикалық карточка түріндегі куәлікке ауыстырған кезде жеке қолтаңба үлгісінің электрондық көшірмесі; Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі. Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынады.
